



# ҚЫЛМЫСТЫҚ ҚҰҚЫҚ (жалпы бөлім)

Қылмыстық құқық бұзушылық субъектісі.  
Қылмыстық құқық бұзушылықтың субъективтік жағы.



Орындаған: Базарбаева Дамира 204 топ

Тексерген: з.ғ.к. Шаяхметова Ж.Б.

“

# Жоспары

1. Қылмыс субъектісі
2. Қылмыстың субъективтік жағы
3. Кінә

”

**Қылмыстың субъектісі** - қылмыс құрамының міндетті элементтерінің бірі. Есі дұрыс, қылмыстық заңда белгіленген жасқа толған қылмыс жасаған адамдар ғана қылмыс субъектісі бола алады.

Заңшығарушы қылмыс субъектісінің белгілерін көрсете отырып, қылмыс субъектісі ретінде кез келген қылмыс жасаған адам емес, тек қылмыстық жауаптылыққа қабілетті, белгілі бір қасиеттермен нышандарды иемденетін адамды ғана таниды. Сонда субъектінің барлық қасиеттерінің ішінде заңшығарушы адамның мемлекетпен қылмыстық құқықтық қатынасқа түсуге және қылмыстық жауаптылықты өтеуге қабілетті екендігін куәландыратын қасиеттерін ғана бөліп көрсетеді.

**ҚК 14-бабы қылмыс субъектісін сипаттайтын негізгі үш бөлігін қарастырады:**

- 1) жеке адам,
- 2) есі дұрыстық;
- 3) қылмыстық жауаптылық жасына толу.


Қылмыс субъектісі ретінде тек жеке адамдарды тану – заңды тұлғалар, яғни мекемелер, кәсіпорындар, ұйымдар, қоғамдық бірлестіктер қылмыс субъектісі бола алмайды деген мағынаны білдіреді, яғни ұжымдық жауаптылық қағидасы бойынша қылмыстық жауаптылыққа жол берілмейді.

Адамның өз іс-әрекеттеріне есеп беру және оны басқару қабілеттерінің қылмыстық құқықтық мағынасы бар. Адамда мұндай қасиеттердің болуы оның есінің дұрыстығын білдіреді.  
**Есі дұрыстық** - қылмыс субъектісінің міндетті белгісі, адамның кінәсін анықтайтын заңдық және іс жүзіндегі алғышарты.

Қылмыс субъектісі болып қылмыс жасау кезінде өз әрекеттерін ұғына алатын, оған басшылық жасауға мүмкіндігі бар және оның зардаптарының мағынасы мен маңызын түсінуге қабілетті жеке адам танылады.

Қылмыс жасаған адамның есінің дұрыс болуы және қылмыстық заңмен белгіленген жасқа толуы қылмыс субъектісінің жалпы заңдық белгілері болып табылады және олар барлық қылмыс құрамдары үшін міндетті.

Қылмыс жасаған кезде 16 жасқа толған адам қылмыстық жауапқа тартылады. Ал 14 жасқа дейінгі жас балалар қылмыстық жауапкершілікке тартылмайды.



Қылмыс құрамының негізгі элементтерінің бірі қылмыстың субъективтік жағы кез келген қылмыстық іс-әрекеттің мәнін ашу үшін және қылмыстың құрамын анықтауда маңызы ерекше болып табылады.

Қылмыстың субъективтік жағы бұл негізінен адамның психикалық іс-әрекетінің қылмыс істеуге тікелей байланысты жағының көрінісі болып табылады.

Қылмыстың сыртқы жағын бейнелейтін объективтік жаққа карағанда субъективті жақ қылмыстың ішкі мәнін, мазмұнын білдіреді. Бұл жерден шығатын қорытынды қылмыстың объективтік және субъективтік жағының белгілері өзара тығыз байланысты, белгілі бір бірлікте болады. Сондықтан да қылмыстың субъективтік жағына барынша тығыз талдау жасау қажет.

Қылмыстың субъективтік жағының мазмұнын мынадай заңдылық белгілеріне: **кінә, қылмыстық ниет, мақсат** құрайды. Осы белгілердің жиынтығы қылмыс істеген, яғни қоғамға қауіпті іс-әрекет жасаған адамның жан дүниесінде орын алған ішкі өзгерістерді, оның санасы мен еркінің өзара байланысын бейнелеп береді.

Кінә - қылмыстың субъективтік жағының негізгі және міндетті белгісі. Сондықтан, адам өз кінәсі анықталған қоғамға қауіпті іс әрекеті және одан пайда болған қоғамға қауіпті зардаптар үшін ғана қылмыстық жауаптылыққа тартылуы тиіс.

Қылмыстың субъективтік жағын құрайтын белгілердің әр қайсысы қылмыстың психикалық мазмұнын сипаттайды, бірақ әр қайсысы өзінше сипаттайды. Мысалы, кінә - бұл тұлғаның өзі жасаған қоғамдық қауіпті іс-әрекетіне (әрекетіне немесе әрекетсіздігіне) және оның қасақаналық немесе абайсыздық нысанындағы салдарына психикалық қатынасы.

Кінәнің қылмыстық құқықтық қағидасына және анықтамасына сәйкес, кінә қылмыстық әрекеттің немесе әрекетсіздіктің ажырамас бөлігі және қылмыстық заңмен қарастырылатын, соттың үкімімен мемлекет атынан әшкерленетін, сәйкес нысандарымен анықталатын, адамның өзінің жасаған қоғамға қауіпті әрекетіне және оның зардаптарына деген психикалық қатынасы.



Қылмыстың мақсаты, себебі мен қылмыс жасау кезіндегі тұлғаның сезім күйінің кінәдан айырмашылығы – олар қылмыс құрамының қажетті белгілері болып табылмайды.

Сонымен қылмыстың субъективтік жағының қылмыстық жауаптылықтың бар-жоғын анықтау үшін, істелген қылмысты дұрыс саралау үшін және әділ жаза тағайындау үшін маңызы ерекше. Осыған байланысты Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының пленумы көптеген қаулыларында қылмыстың субъективтік жағының мазмұнын, кінәнің нысандарын, қылмыстық қаскүнемдік пен арам ниеттің және оның мақсатының мазмұны мен бағытын терең зерттеуді талап етеді

Заң шығарушы оларды барлығы емес, тек кейбір қылмыстардың ғана құрамының белгілерінің қатарына қосады және бұл жағдайларды оларда қылмыстық жауаптылықтың негізіне айналады. Қылмыс құрамының белгілері болмаған күнде де олар жеңілдетуші не ауырлатушы жағдай ретінде, жазаның тағайындалуына айтарлықтай ықпал жасайды.



# “ Пайдаланылған әдебиеттер.

1.Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексі

2.Уголовное право России: Учебник для вузов. Т. 2. Особенная часть / Под общ. ред. А.Н. Игнатова и Ю.А. Красикова. - М.: ИНФРА-М-НОРМА, 1998. - С. 182.

3. Ағыбаев А.Н. А Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексіне түсіндірме. Жалпы және Ерекше бөліктер.

”